

ISSN (Print) 2616-678X
ISSN (Online) 2663-1288

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің

ХАБАРШЫСЫ

BULLETIN

of L.N. Gumilyov
Eurasian National University

ВЕСТНИК

Евразийского национального
университета имени Л.Н. Гумилева

ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Серия **ФИЛОЛОГИЯ**
PHILOLOGY Series

№3(132)/2020

1995 жылдан бастап шығады

Издается с 1995 года

Founded in 1995

Жылына 4 рет шығады

Выходит 4 раза в год

Published 4 times a year

Нұр-Сұлтан, 2020

Nur-Sultan, 2020

Нур-Султан, 2020

Бас редакторы **Дихан Қамзабекұлы**
филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан,
Қазақстан

Бас редактордың орынбасары **Шолпан Жарқынбекова**
филология ғылымдарының докторы, проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Редакция алқасы

Аскер оғлы Рамиз	ф.ғ.д., проф., Баку мемлекеттік университеті, Баку, Әзірбайжан
Ақматалиев Абдылдажан	ф.ғ.д., проф., Қырғызстан Ұлттық ғылым академиясы, Бішкек, Қырғызстан
Аймұхамбет Жанат	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Бахтикиреева Улдана	ф.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
Беженару Людмила	ф.ғ.д., проф., Яссы мемлекеттік университеті, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргүл	ф.ғ.к., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Біжкенова Айгүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жақыпов Жантас	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Журавлева Евгения	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Жан Динжиң	PhD, проф., Миньцзу университеті, Пекин, Қытай
Ескеева Мағрипа	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ержласун Гүлжанат	PhD, проф., Хаджи Байрам Вели университеті, Анкара, Түркия
Қасқабасов Сейіт	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Негимов Серік	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нұрғали Қадиша	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Нуриева Фануза	ф.ғ.д., проф., Қазан федералды университеті, Қазан, Татарстан, РФ
Райхл Карл	ф.ғ.д., проф., Бонн университеті, Бонн, Германия
Рахманов Носимхан	ф.ғ.д., проф., Ә. Науаи атындағы Ташкент өзбек тілі және әдебиеті мемлекеттік университеті, Ташкент, Өзбекстан
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Тіл және халықаралық білім бойынша бірлескен ұлттық комитеті, Вашингтон, АҚШ
Сәтенова Серіккүл	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тәжібаева Сәуле	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Тұрысбек Рақымжан	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Хисамитдинова Фирдаус	ф.ғ.д., проф., Уфа федералды зерттеу орталығы, Уфа, Башқұртстан, РФ
Чернявская Валерия	ф.ғ.д., проф., Лингводидактика жоғары мектебі, Санкт-Петербург, Ресей
Шәріп Амантай	ф.ғ.д., проф., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Шәріпова Гүлбану	ф.ғ.к., доцент м.а., Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгей университеті, Измир, Түркия
Янковски Хенрих	PhD, проф., А. Мицкевич атынд. Польша университеті, Познань, Польша

Редакцияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қ. Сәтбаев к-сі, 2, 402 каб.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Журнал менеджері: Базылхан Г.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. ФИЛОЛОГИЯ сериясы
Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігінде 27.03.2018 ж. №16996-Ж тіркеу куәлігімен тіркелген.

Мерзімділігі: жылына 4 рет. Тиражы: 9 дана. Басуға 09.09.2020 ж. қол қойылды.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Нұр-Сұлтан қ., Қажымұқан к-сі, 13/1,

тел.: +7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Editor-in-Chief Dikhan Kamzabekuly

Doctor of philology, academician of NAS RK, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Deputy Editor-in-Chief Zharkynbekova Sholpan

Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial board

Asker ogly Ramiz	Doctor of philology, Prof., Baku State University, Baku, Azerbaidzhan
Akmataliyev Abdildajan	Doctor of philology, Prof., National Academy of science of KR, Bishkek, KR
Aimukhambet Zhanat	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bakhtikireeva Uldanai	Doctor of philology, Prof., RUDN University, Moscow, Russia
Beisembayeva Zhanargul	Can. of philology, L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Bezhenaru Lyudmila	Doctor of philology, Prof., University UAIC, Iasi, Romania
Bizhkenova Aigul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Chernyavskaya Valeriya	Doctor of philology, Prof. Higher school of linguodidactics and translation, Saint Petersburg, Russia
Erzhiasun Güljanat	PhD, Prof., Hasi Bayram Veli University, Ankara, Turkey
Yeskeyeva Magripa	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Henryk Jankowski	PhD, Prof., Adam Mickiewicz University, Poznan, Poland
Kaskabassov Seit	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Khisamitdinova Firdaus	Doctor of philology, Prof., UFRK RAS, Ufa, Bashkortostan, RF
Metin Ekiji	PhD, Prof., Ege University, Izmir, Turkey
Negimov Serik	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurgali Kadisha	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Nurieva Fanuza	Doctor of philology, Prof., Kazan Federal University, Kazan, Tatarstan, RF)
Reichl Karl	Doctor of philology, Prof., University of Bonn, Bonn, Germany
Rakhmanov Nasimhon	Doctor of philology, Prof., Tashkent State University of Uzbek language and literature, Tashkent, Uzbekistan
Rivers William Patrick	PhD, Prof., Joint national Committee on languages and international education, Washington, USA
Satenova Serikkul	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sharip Amantay	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Sharipova Gulbanu	Can. of philology, as. Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Tazhybayeva Saule	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Turysbek Rakymzhan	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhakypov Zhantas	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan
Zhang Dingjing	PhD, Prof., Minzu University of China, Beijing, China
Zhuravleva Yevgeniya	Doctor of philology, Prof., L.N. Gumilyov ENU, Nur-Sultan, Kazakhstan

Editorial address: 2, Satbayev str., of. 402, Nur-Sultan, Kazakhstan, 010008

Tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Managing Editor: Bazylkhan G.

Bulletin of L.N. Gumilyov Eurasian National University PHILOLOGY Series

Owner: Non-profit joint-stock company «L.N. Gumilyov Eurasian National University»

Registered by Ministry of Information and Communication of the Republic of Kazakhstan. Registration certificate No 16996-Ж from 27.03.2018

Periodicity: 4 times a year Circulation: 9 copies. Signed in print: 09.09.2020

Address of printing house: 13/1 Kazhimukan str., Nur-Sultan, Kazakhstan 010008; tel.: +7(7172) 709-500 (ext. 31-413)

© L.N. Gumilyov Eurasian National University

Главный редактор **Дихан Камзабекулы**
доктор филологических наук, академик НАН РК, ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Зам. главного редактора **Шолпан Жаркынбекова**
доктор филологических наук, проф., ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан

Редакционная коллегия

Аскероглы Рамиз	д.ф.н., проф., Бакинский государственный университет, Баку, Азербайджан
Акматалиев Абдылдажан	д.ф.н., проф., Национальная академия наук КР, Бишкек, Киргизия
Аймухамбет Жанат	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бахтикиреева Улданай	д.ф.н., проф. Российский университет дружбы народов, Москва, Россия
Беженару Людмила	д.ф.н., проф. Ясский государственный университет, Яссы, Румыния
Бейсембаева Жанаргуль	к.ф.н., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Бижкенова Айгуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жакыпов Жантас	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Жан Динжин	PhD, проф., Китайский университет Миньцзу, Пекин, Китай
Журавлева Евгения	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ескеева Магрипа	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Ержласун Гульжанат	PhD, проф. Университет Хаджи-Байрам Вели, Анкара, Турция
Каскабасов Сеит	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Негимов Серик	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нургали Кадиша	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Нуриева Фануза	д.ф.н., проф., Казанский федеральный университет, Казань, Татарстан, РФ
Райхл Карл	д.ф.н., проф., Боннский университет, Бонн, Германия
Рахманов Насимхон	д.ф.н., проф., Ташкентский государственный университет узбекского языка и литературы имени А. Навои, Ташкент, Узбекистан
Риверс Уильям Патрик	PhD, проф., Совместный Национальный комитет по языкам и международному образованию, Вашингтон, США
Сатенова Сериккуль	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Тажibaева Сауле	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Турьбек Рахимжан	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Хисамитдинова Фирдаус	д.ф.н., проф., УФИЦ РАН, Уфа, Башкортостан, РФ
Чернявская Валерия	д.ф.н., проф., Высшая школа лингводидактики и перевода, Санкт-Петербург, РФ
Шарип Амантай	д.ф.н., проф., ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Шарипова Гульбану	к.ф.н., и.о. доцента, ЕНУ имени Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан
Экиджи Метин	PhD, проф., Эгейский университет, Измир, Турция
Янковский Хенрих	PhD, проф., Университет имени Адама Мицкевича в Познани, Познань, Польша

Адрес редакции: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. К.Сатпаева, 2, каб. 402
Тел.: +7(7172) 709-500 (вн. 31-413)

E-mail: vest_phil@enu.kz

Менеджер журнала: Базылхан Г.

Вестник Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева. Серия ФИЛОЛОГИЯ
Собственник: Некоммерческое акционерное общество «Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева»

Зарегистрирован Министерством информации и коммуникаций РК под номером №16996-Ж от 27.03.2018 г.
Периодичность: 4 раза в год. Тираж: 9 экземпляров. Подписано в печать 09.09.2020 г.

Адрес типографии: 010008, Казахстан, г. Нур-Султан, ул. Кажымукана, 13/1, тел.: +7(7172)709-500 (вн. 31-413)

© Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Мазмұны

Фольклор және әдебиеттану

<i>Абдуова Б.С., Асанова Ұ.О.</i> Ұлттық дүниетанымдағы бөрілік рух сабақтастығы.....	8-17
<i>Әбсадық А.А., Қабылдинов З.Е.</i> Ахмет Байтұрсынұлы ғұмырнамасындағы Орынбор кезеңі: кейбір беймәлім мәліметтер мен деректер (ғылыми-танымдық экспедиция материалдары бойынша)	18-27
<i>Исламбаева З.У.</i> 1916 жылғы ұлт-азаттық көтерілістің драматургияда бейнеленуі	28-35
<i>Құрманғали Г.Қ.</i> Құранның ортағасырлық әдеби жәдігерлерге ықпалы	36-43
<i>Рахмонов Н.</i> Ежелгі Орталық Азия халықтарындағы рухани үдеріс тамырлары.....	44-50
<i>Шәріп А.</i> Қазақ поэзиясындағы Сарыарқа бейнесінің идеялық-көркемдік эволюциясы мен трансформациясы	51-59

Лингвистика және әдістеме

<i>Ашинова К.А.</i> Қысқарған және біріккен дипломатиялық терминдер	60-65
<i>Балтабаева Ж.Қ., Бияздықова Ә.Ә.</i> М. Жұмабаев шығармаларындағы «бақыт» базалық концептісінің мағыналық-ақпараттық өрісін айқындайтын тілдік бірліктер	66-74
<i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Орта ғасыр түркі мақал-мәтелдеріндегі адами қасиеттер көрінісі: салыстырмалы-тарихи талдау	75-85
<i>Құрманбайұлы Ш., Әділов М.Е.</i> Абай тіліндегі көнерген сөздер.....	86-97
<i>Құсайынова Ж.</i> Транспозицияланған құрылымдардың контекстік-модалдік қызметі	98-103
<i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Қазақстан және Ресей әдебиетшілері, суретшілері шығармашылығында «жол/сапар» сарынының түсіндірілуі	104-122
<i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Ассоциативті эксперимент шеңберіндегі тілдік интерференция.....	123-132
<i>Садирова К., Әбдірова Ш.</i> Идеологиялық дискурс және ықпалдастық мәселесі.....	133-141

Contents

Folklore and Literary Studies

<i>Abduova B.S., Assanova U.O.</i> Legacy of the Wolf Spirit in the National Worldview	8-17
<i>Absadyk A.A., Kabuldinov Z.E.</i> Orenburg Period in Akhmet Baitursynuly's Biography: Some Unknown Archival Sources (based on materials of scientific and educational expedition).....	18-27
<i>Islambayeva Z.U.</i> Representation of the 1916 National Liberation Movement in Drama.....	28-35
<i>Kurmangali G.K.</i> Influence of the Koran on Middle Ages Literary Monuments	36-43
<i>Rakhmonov N.</i> Sources of Spiritual Processes Among Ancient Peoples of Central Asia	44-50
<i>Sharip A.</i> Ideological and Literary Evolution and Transformation of Saryarka image in the Kazakh Poetry	51-59

Linguistics and methodics

<i>Ashinova K.A.</i> Abbreviated and Combined Diplomatic Terms.....	60-65
<i>Baltabaeva Zh.K., Biyazydykova A.A.</i> Linguistic Units Determining the Semantic-Informational Field of the Basic Concept "Happiness" in M. Zhumabayev's Works.....	66-74
<i>Eskeyeva M., Alashbayeva Zh.</i> Representation of Human Qualities in Proverbs and Sayings of Turks of the Middle Ages: Comparative and Historical Analysis	75-85
<i>Kurmanbaiuly Sh., Adilov M.</i> Archaisms in Abay's Writing	86-97
<i>Kussaiynova Zh.</i> Context-Modal Functioning of Transposition Structures	98-103
<i>Lichman E.Yu., Chernyaeva I.V.</i> Interpretation of the «Path/Road» Motive in Works of Writers and Artists of Kazakhstan and Russia.....	104-122
<i>Ormanova A.B., Anafinova M.L.</i> Linguistic Interference in Terms of Associate Experiment	123-132
<i>Sadirova K., Abdirova Sh.</i> Ideological Discourse and Integration Issue	133-141

Содержание

Фольклор и литературоведение

<i>Абдуова Б.С., Асанова У.О.</i> Преемственность волчьего духа в национальном мировоззрении	8-17
<i>Абсадык А.А., Кабульдинов З.Е.</i> Оренбургский период в биографии Ахмета Байтурсынулы: некоторые неизвестные архивные источники (по материалам научно-познавательной экспедиции).....	18-27
<i>Исламбаева З.У.</i> Отражение национально-освободительного восстания 1916 года в драматургии.....	28-35
<i>Қурманғали Г.К.</i> Влияние Корана на литературные памятники средневековья	36-43
<i>Рахмонов Н.</i> Источники духовных процессов среди древних народов Центральной Азии.....	44-50
<i>Шарип А.</i> Идеино-художественная эволюция и трансформация образа Сарыарки в казахской поэзии.....	51-59

Лингвистика и методика

<i>Ашинова К.А.</i> Сокращенные и комбинированные дипломатические термины....	60-65
<i>Балтабаева Ж.К., Бияздыкова А.А.</i> Лингвистические единицы, определяющие семантико-информационное поле базового концепта «счастье» в произведениях М. Жумабаева	66-74
<i>Ескеева М., Алашбаева Ж.</i> Репрезентация человеческих качеств в пословицах и поговорках тюрков средневековья: сравнительно-исторический анализ.....	75-85
<i>Қурманбайұлы Ш., Адилов М.Е.</i> Архаизмы в языке Абая.....	86-97
<i>Кусаинова Ж.</i> Контекстно-модальное функционирование транспозиционных структур	98-103
<i>Личман Е.Ю., Черняева И.В.</i> Интерпретация мотива «путь/дорога» в творчестве литераторов, живописцев Казахстана и России	104-122
<i>Орманова А.Б., Анафинова М.Л.</i> Языковая интерференция в рамках ассоциированного эксперимента.....	123-132
<i>Садирова К., Абдирова Ш.</i> Идеологический дискурс и проблема интеграции	133-141



XFTAP 17.01.39

Б.С. Абдуова¹, Ұ.О. Асанова²

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
(E-mail: bayan1968@mail.ru1, Assanova_62@mail.ru2)

Ұлттық дүниетанымдағы бөрілік рух сабақтастығы

Аңдатпа. Мақалада қазақ халқының «Көк бөрі» тотемі, бұл нанымның пайда болуы мен қазіргі күнгі сабақтастығы, көне түркілер мен қазақ халқының рухани жалғастықты жаңғыртуы, ұлттық мәдени құндылықтардың мәнін жоғалтпауы, түркілік рухты ұрпақ санасына сіңіру ұстанымдарының өміршеңдігі талданады. Көне дәуірлерден бастап әртүрлі халықтардың дәстүрлі сенімдерінде қасқыр бейнесі маңызды орын алады. Бұл бейненің Орта Азиядағы көшпелі халықтардың, әсіресе, түркілердің дүниетанымындағы пайда болуы мен дамуын, олардағы материалдық мәдениет ескерткіштері мен қасқыр бейнелерін талдау, «көк бөрі», «бөрі» тотемдерінің қазіргі сипаты қарастырылады.

Түйін сөздер: тотем, бөрі, мәдени құндылықтар, ұлттық дүниетаным, сабақтастық.

DOI : <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2020-132-3-8-17>

Түсті: 05.03.20 / **Қайта түзетілді:** 10.06.20 / **Жарияланымға рұқсат етілді:** 09.09.20

Кіріспе. Қазақ халқының өткен тарихынан келер ұрпаққа қалдырары, жадында ұстар асыл құндылықтарының бірі, ең бағалысы – тілі десек, сол тіліміз – алдыңғы буын аталарымыздың барлық іс-әрекетінің, болмысының куәсі. Тіл мен адам болмысы бірлікте қаралады, ол тілдік құбылыстарды тіл иесінің дүниетанымымен, мәдениетімен, ойлау жүйесімен сабақтастыра зерделейді. Рухани, мәдени болмысымыз тілден көрініс таба отырып, өмірлік бағдарымызды айқындайды. Өткен талай мың жылдар бұрын адам баласы табиғаттың дүлей күшімен күресу барысында жеңісінен гөрі жеңілісі көп болғаны мәлім. Сол әлсіздігін сезінген алғашқы қауым адамдарының өзі және өзін қоршаған табиғат туралы танымы түрліше өрбіген. Тылсымнан, стихиядан, түрлі апаттардан қорыққан адамдар әрқилы, алуан түрлі нанымдар туғызып, оған өздері сенген.

Күні бүгінге дейін алғашқы қауымдық діни ұғымдар мен наным-сенімдердің, әртүрлі жоралғылардың қайсысы бұрын, қайсысы кейін пайда болғандығы анық емес. Ескі дүниетаным негізінде пайда болған нанымдардың бірі – «Көк бөрі» тотемі. Түркі халқының құрамына: қазақ, қырғыз, өзбек, әзірбайжан, түрік, ноғай, башқұрт, татар, алтайлықтар, қарақалпақ, ұйғыр, түрікмен, сақа, ғағауыз, мажар, қарашай, т.б. ұлттар кіретінін ескерсек, «бөрі» тотемінің осы халықтардың бәріне де ортақ нанымдық, жоралғылық дәстүрлері бар екендігін аңғарамыз. «Бүгінгі жер басып жүрген үлкенді-кішілі ұлттардың барлығы да өзінің түпкі таралу тегін жан-жануардан таратады. Бұл – есте жоқ ескі дүниеден қалған танымдық сенім» деген пікірді белгілі ғалым Т. Жұртбаев та толықтырып кетеді [1, 34 б.]. Көптеген деректерде, соның ішінде, көшпелі ғұн тай-паларының тарихы баяндалған Қы-

тай жазбаларында сақталған бір аңыз бар. Онда ғұндар – хан қызы мен қасқырдан тараған ұрпақтардан өсіп-өнген халық деген жазба бар. Мифтің желісі бойынша, қасқыр – ғұндар жаулап алған көне Үйсін елі билеушісінің баласын емізіп, құтқарып қалған киелі аң [2]. Аналық Бөрінің кемтар баладан туылған он ұлының бірін Ашын деп атаған екен. Бұл – аса қайырымды Бөрі деген мағына береді. Ол өзінің кереметтей ақылдылығымен басқалардан ерекше болғандықтан, оны ру басшысы етіп қояды. Енді ол өзінің Бөрі анасының қайдан шыққанын көрсететін белгі ретінде қақпа алдына алтыннан жасалған Бөрі басын ту етіп іліп қояды. Ежелгі түркі билеушілері басқа елдің елшілерін осы Бөрі басы бейнеленген туға тізе бүгіп құрмет көрсеткеннен кейін ғана қабылдайтын болған [3]. Осы секілді көптеген деректерде, ежелгі жазбаларда **қасқыр** – аң ретінде дала кезген жыртқыш болса, **бөрі** – хайуан емес, арғы тегіміздің бастауында тұрған аналық бейне деген ұғым қалыптасқан. Бұлардан басқа шетелдік, орыс ғалымдары, отандық зерттеушілер түрлі дереккөздерге сілтеме жасай отырып, ежелгі түркі тайпаларының бөріні тотем деңгейіне шығарғанын, киелі аң ретінде бағалайтынын, кейбір элементтері тұрмыстық атрибуттарда кездесетінін жазады.

Тақырыптың өзектілігі. Көк бөрі – түркі мифологиясындағы киелі ұғымдардың бірі. Түркі халықтарының нанымдарында бөрі – рудың тотемі, яғни тәңір мен адамдардың арасын байланыстырушы күш немесе бақсының ие-ықыласы ретінде сипатталады. Бөрі – Құдіреттің жарлығын орындаушы, жаратқанның сиқырлы тағысы. Қасқырды «Тәңір иті» деп қабылдайтын қазақ, тува, якут, грек жұртының мифтері де ежелгі кезеңдерден бастау алған. Арғы бабаларымыз жыртқыш аңдар алдында әлсіз бола отырып, оған табынған, оларды кие тұтып, пір деп бағаласа, зиянын тигізбейді деген ұғымда болған. Бірақ ежелгі адамның дүниетанымды дәстүрлі нанымдар кешенінде сақтала отырып, кейбір элементтері әлемдік діндерге өткендігі де белгілі. Бұл элементтердің бірі – көшпенді халық арасында қасқырдың атын атауға тыйым салу болды. Көшпелі өмір салтының ежелгі мәдени танымында қасқыр қасиетті тіршілік иесі болған, яғни хайуанның атын «тікелей» атауға тыйым болды, ол басқаша аталған. Қазірге дейін қасқырды «ит-құс», «сереккұлақ», «көксерек» деп атау кездеседі.

Қасқырлардың көзсіз ерлігі, өз арасындағы әлсіздерін қорғаудағы жанкештілігі, бөлтіріктерін батылдыққа баулудағы құлшынысы және көшбасшы болу қабілеті көптеген аңыздардың тууына себеп болды. Солардың қатарында егіз бауыр Ромулус пен Ремусты емізіп асырайтын Капитолиндік қасқыр туралы римдік көне аңыз желісі, болашақ патша Кирді асырайтын қасқыр туралы ежелгі Иран аңызы және басқа да көптеген аңыздар дәлел бола алады. Сондықтан Азияның көптеген халықтарының (әсіресе түркілердің) арасында қасқыр тайпалық тотем болды, ал ру мен тайпаның басшысын қасқыр ретінде қабылдады. Олардың айтқанына мойынсұну керек деп есептей отырып, тайпалық (қасқырлық) дәстүрлер мен заңдарының бұзылуына жол бермеуді қадағалады.

Түркі тілдес халықтардың ежелгі наным-сенімдері мен дәстүрлерінде қасқыр негізінен қайырымды тіршілік иесі ретінде сипатталады. Қасқырмен ұшырасып қалу, тіпті түсінде көру, алыстан бақылаудың өзін сәттілік деп қабылдайтын сенім болған [4, 28 б.]. Қазіргі күнге дейін кейбір адамдарға наным-сенімдері тұмар, дәрі-дәрмектер ретінде қызмет етеді. Мысалы, қасқырдың тісі, тырнақтары, сүйектері, кейде бас сүйегі, терісі ритуалдық регалия қатарына жатады. Бұндай сенімнің бар екендігі ежелгі археологиялық олжалардың табылуымен де расталады. Ертедегі түркі тілдес көшпелі халықтардың ұғымынша, қасқыр – бұл, ең алдымен, жануарлар әлеміндегі ең жоғарғы еркіндік символы, тәуелсіздік символы. Жануарлардың патшасы деп саналатын арыстанның өзін үйретуге болады, оған бұл жыртқыштардың циркте өнер көрсетуі дәлел болса керек. Ал қасқыр олай емес, ол – ешқандай қолға үйретуге көнбейтін тұз тағысы. Ол – батыллықтың белгісі. Кез келген шайқаста қасқыр не жеңіске жеткенше, не өліп кеткенше арпалысады екен. Оның тағы бір ерекшелігі тазалығында жатса керек, өйткені бұл жыртқыштар өздері аулаған аңдарды ғана

қорек етеді екен. Қасқырлар жұптарына адал болуымен қатар, бір-біріне деген қамқорлықтары орасан болады. Бөлтіріктерін ауыздандыруда, тәрбиелеуде олар, тіпті, адамдарға да үлгі болатындай қасиеттері бар екендігін зерттеушілер дәлелдермен келтіреді.

Қасқырлар – әділеттілік пен өршілдік символы, аңшылықта, тіршілік жағдайында арландары әлсіздерін басынбайды екен. Осы секілді көптеген қасиеттері үшін біздің ежелгі ата-бабаларымыз түз тағысының бейнесін тотемдік деңгейге жеткізіп, жоғары философиялық мән берген. Жүсіп Баласағұн ер адамның әртүрлі қасиеттердің ішіндегі маңыздысы мінсіз қолбасшы болу, ал ол дегеніміз қасқырдай болуы керек деп бағалайды [5, 126 б.]. Шыңғыс хан дәуіріндегі моңғолдардың тулары мен батырлық рәміздерінде алтын басты қасқыр қолданылған, сол секілді ортағасырлық қыпшақтардың дулығасында, сауытында қасқыр өрнектелген. Көшпелілердің қару-жарақтарында да бұндай атрибуттар, қасқыр бейнеленген суреттер көп болған [4].

Түркі тілдес халықтардан басқа елдердің де дүниетанымдарында қасқыр бейнесі кездеседі. Дегенмен, олардың көбі «оң сипатта емес». Еуропа халықтарының сөздік қорларында, ауыз әдебиеті мен мақал-мәтелдерінде қасқырға теріс баға береді. Мысалы, қазіргі ағылшын сөздігінде «қасқыр» деген сөздің әртүрлі түсіндірмелері берілген. Онда қатыгез, мейірімсіз адамды «қасқыр» деу, жыртқышқа теңеу кездеседі. Басқа мағынасында жалғыздық немесе төзімділік символы болып та саналады, бірақ бұл сипаттамалар теріс коннотация тудыруы мүмкін. «Ең қорқынышты қасқыр деп ғарыштан түскен Фенрирді айтуға болады, ол соншалықты алып және сұмдық қауіпті, ол тіпті, құдайлардың өзіне қастық жасайды. Көне герман аңыздарында ақырзаман болғанда, Рагнарек күні туғанда бұл қасқыр шынжырынан босап, күннің өзін жұтып қояды. Ең жоғарғы құдай Одинді жалмайды. Жер бетін түнек басып, тіршілік жойылады» [6] деген сипаттамаларға қарап, қасқыр бейнесінің әлем елдерінің ежелгі түсінігінде теріс сипатты болғанын байқаймыз.

Орыс тілінде «жалғыз жортқан қасқырдай», «қой терісін жамылған қасқыр» деген теңеулер де жағымсыз экспрессивтік бояуға ие. Әлем халықтарының көбінде айлакер, дұшпан, зұлым жыртқыш ретінде сипатталатын бейнеде көрінеді. Мысалы, орыс халқының «Қызыл телпекті қыз», «Жеті лақ», «Сұр қасқыр» ертегілерінің бәрінде ашкөз, аяушылықты білмейтін тағы аң ретінде берілген.

Адамдардың қасқырды тым жыртқыш деп қабылдауынан да кейде табиғатқа орасан зиян келетіні белгілі. Кезінде Солтүстік Америкадағы еуропалық иммигранттар популяция ретінде қасқырларды жоюға тырысқан. Статистикалық тұрғыдан қарасақ, аю – қасқырға қарағанда әлдеқайда қауіпті аң. Дегенмен, қазірге дейін АҚШ-та аюға деген «оң көзқарас» басым, оған ойыншық аю Теддидің аса танымалдылығы айқын дәлел бола алады.

Еуразия халықтарының мәдениетіндегі қасқыр бейнесі сан қырлы. Онда көбіне «қасқыр аштықтан бұратылса да, құлдыққа көнбейді» дейтін сүйсіну ықпалы басым.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында жалпы ғылыми, лингвистикалық және лингводидактикалық әдістер қолданылады:

- фактілерді іріктеудегі бақылау әдісі, зерттелетін нысанға тән белгілерді қалыптастыру, әлеуметтік-дифференциалды сараптама әдісі;
- сыни тұрғыдағы дискурс-анализ жүйелілік әдістемесі мен уәждемелік, саралау әдісі.

Мәселенің зерттелуі. Қасқыр бейнесі көптеген халықтардың дүниетанымында маңызды белгілердің бірі болуына байланысты бұл бағытта көптеген зерттеушілер еңбек еткен. Ғалымдар тотемнің ерекше рөл атқаруына және үлкен діни, салттық және әлеуметтік маңыздылыққа ие екендігіне назар аударған. Олар жазба дереккөздерде қасқыр тотеміне қатысты алғашқы мәліметтердің біздің жыл санауымызға дейін-ақ пайда болғанын атап өтеді. Бір деректе Хаттусили патшаның өз әскеріне «қасқыр тәрізді бір болуға» бұйрық бергені айтылады. Тарих атасы саналатын Геродот та сақ тайпаларының солтүстігінде өмір сүретін нейроф деген тайпаның қызықты бір ерекшелігін жазған. Онда ер жігіттер белгілі бір жасқа

жеткеннен кейін үйден кетіп, өздерін қасқыр деп атайтындары, әрі қасқыр бейнесіндегі бетперделерін киіп жүретіндіктерін айтады. Олар ер адамдар одағын құра отырып, бөлек өмір сүретіндігін сипаттайды [4].

Ғұлама ғалым Рашид-ад-дин, Л.Н. Гумилев, Н.А. Алексеев, Г.П. Потанин, Л. Расони, А. Золотаревтердің зерттеу жұмыстарын Н. Келімбетов, Р. Бердібаев, Ә. Қоңыратбаев, А. Сейдімбек, С. Қасқабасов, Т. Жұртбай, С. Қондыбай секілді көптеген белгілі ғалымдар жалғастырды. Бұл зерттеушілердің еңбегінде тотем тарихынан бастап, ұлттық дүниетанымдағы табу, дәстүр жалғастығы да жан-жақты қарастырылды. «Жетісу тайпаларының VIII ғасырдағы аңызына қарағанда, Оғыз хан аталық қоғам иесі көрінеді. Одан бұрын тек бөрі мен әйел жайындағы бұлдыр ертегілер, мифтер ғана болатын-ды. Бөрі тотемі Түрік қағанаты кезінен қалған салт, үрдістен де байқалады. Мысалы, қытайлармен соғысқанда түрік, сеянто, жужан, хун тайпалары аттарына қасқырдың басын кигізіп алатын болған. «Оғыз нама» аңызында Оғызхан соғысқа аттанса, оның әскерін көкжал басқарып отырған» [5, 69 б.] деген пікірді ғалым Н. Келімбетов: «Күлтегін жырындағы «Әкем қағанның әскері бөрідей бопты, жаулары қойдай бопты. Түргеш қағанның әскері Болшыда отша, бөріше келді. Соғыстық» деген өлең жолдары суреттеліп отырған нәрсені құбылта, шебер жеткізген» деп толықтыра кетеді [7, 43 б.].

Қазақ халқы «бөрі», «көк бөрі» деп атап, тотем ретінде құрметтейтін жануарды түз тағысы қасқырмен бірдей деп қабылдамау қажет. Себебі қасқыр эвфемизмдерде, мифология, эпикалық және фольклор мәтіндерінде жыртқыш аң ретінде сипатталады, тіл білімінде семантикасы қаралып, синонимдері жіктеледі, мысал жанрында аңқаулық пен қорқаулық бейнесінде көрсетіледі. Бұл аталған ерекшеліктері тотемдік ұғымды көрсетпейді. Тіл біліміндегі қасқыр генезисін анықтау, символизмді табу, семантикасын тарқату, дүниетанымдағы тағы аң идеясының шеңберін кеңейту мәселелері қарастырылса, «бөрі» тотемі этномәдени сипаттамаларды қамти отырып, қосымша материал арқылы ұлттық болмыстың кешегісі мен бүгінгісінің арасындағы сабақтастықты танытуды көздейді.

Нәтижелер. Күлтегінен бастау алатын «Оғызнама» жырында, «Ер Тарғын» батырлық жырында, Нысанбай жыраудың «Кенесары-Наурызбай» жырында, ақиық ақын Махамбеттің «Мұнар күн» өлеңінде, Шалкиіздің «Ау, бөрілер, бөрілер», Дулат Бабатайұлының «Аягөз» өлеңінде ерекше рухтық сипатта жырланатын бөрі бейнесі кейінгі Алаш қайраткерлері, өршіл ақындар М. Жұмабаев, Б. Күлеев шығармаларында жиі ұшырасады. Мағжан ақын:

«Тұлпар мініп, туды қолға алайын,
Суырып қылыш,
қан майданға барайын
Жердің жүзі кім екенім танысын,
Жас бөрідей біраз ойын салайын!»

дей отырып, теңеу тәсілімен соғыс алаңындағы жасқануды білмейтін ерлікті жас бөрінің қайсарлығына балайды.

Тарихшы, археолог ғалым Әлкей Марұлан: «Ғұн ұрпағы Ашина – бөрі деген түсінік қалыптасқан. Түрік қағанатын бірінші рет басқарған ғұн ұрпағы Шене (бөрі) – ақылды, кеменгер, ойшыл кісі болған» деп жазады [8, 5 б.]. Осыдан бірнеше жыл бұрын тарих ғылымдарының докторы, профессор А.Н. Марьяшев Қазақстанның ғылым саласында маңызды жаңалық ашты. Ғалым өз командасымен Оңтүстік Қазақстан мен Жетісу өзенінің сағасын мекендеген ежелгі тайпалардың қасқырға табынған деректерін тапты деген мәліметті Қазақпарат агенттігі жариялады. Археологтар петроглифтерден қасқыр маскасын киіп алған адамдардың суреттерін тапқан, бір қызығы, бұлар белгілі болғандардың ішіндегі ең көнесі деп айтуға негіз бар. Егер Еуропадағы барлық танымал жаңалықтар баяғыдан белгілі болса, Оңтүстік Қазақстан мен Жетісудағы бұндай жаңалықтар соңғы 15-20 жылдың ішінде ғана

әлем тарихшыларының назарына ілінді. Бұл ежелгі таңбалы тастардағы суреттерді ондаған ірі кластерлерге бөлуге болатындығы айтылды. Олардың арасында сирек кездесетін экспрессивті суреттер, соның ішінде, бұқалар, бұқаға табынушылық көріністері, (кейбір суреттердің биіктігі 2 және 3 метрге жеткен) сонымен қатар, жартастарда күн бейнесіндегі кейіпкерлер, жабайы бұқалар, қасқыр масқаларындағы адамдар, ұрыс сахналары бейнеленген. Көптеген петроглифтер пұтқа табынушылық идеялармен байланысты және Андронов тайпаларының, басқа халықтардың көзқарастары мен сенімдерін көрсетеді [9].

Кейбір ғалымдардың пікірінше, ат спорты жарыстарын ұйымдастырудағы көкпар тарту, балалардың «Барымташы» деп аталатын ойындары түркі халықтары арасында кеңінен таралған дәстүрге сүйенгендігін, онда ежелгі түріктерде «қасқыр» мықтылықты білдіретіндіктен, ер адамдардың арасында батылдық символы саналғандығын айтады [10, 37 б.]. Осындай мағынасына қарап, қасқыр емес, бөрі тотемі неліктен көнермей келе жатыр деген сауал туындайды. Оның бірнеше себебі бар екендігі белгілі. Соларға тоқтала кетсек.

Бөрі – бостандық рухының бейнесі. Бұл жануардың жағымды қасиеттерінің көптігі соншалық, Солтүстік Америка үндістері және басқа да халықтар оны құдай ретінде қастерлейді. Бөрі – еркін және жабайы табиғаттың рухы, оған «өркениеттің артықшылықтары» әсер етпейді.

Бөрі – бұл өзіңмен және қоршаған ортамен үйлесімді өмір сүру керек және өзіңе ыңғайлы жолды іздеуде өзіңнің инстинкттеріңе сену деген сөз.

Бөрі – бұл бостандық пен жеке меншіктің арасындағы тепе-теңдік. Мұндай адамдар өте дамыған жауапкершілік міндетін өзіне алады. Осы тепе-теңдікті сақтағандар бақытты болады. Осындай қасиеттеріне орай, бұрынғы данагөйлерде де, ақын-жыраулар поэзиясында да елдің рухын ояту мақсатында Көк бөрі ұғымы жиі қолданылған. Мәселен, Шалкиіз Тіленшіұлы:

Алтау болар, бес болар,
Ішінде абаданы бір болар

деп өршіл өлеңімен халықты басшы айтқанын тыңдауға шақырады. Абадан – қасқырлар үйірін басқаратын ержүрек арлан, демек арттан ерген сарбаздарды жаугершілік рухта намысын жану көзделген. Жырау Шернияз Жарылғасұлы: «Ел үстіне жау келсе, *Көк бөрідей ер керек*» деген ұранымен елді қорғайтын ерлерді көк бөріге теңейді. Махамбет Өтемісұлының батырлық, қайтпас қайсар өр мінезін «Исатайдың барында Екі *тарлан бөрі едім*» деген өлең жолдарынан білеміз. Орыс отаршылдығына қарсы қайтпас, ымыраға келмес күрес жүргізген хан Кененің өзі, батырлығы аңызға бергісіз бауыры Наурызбай туралы тарихи жыр қалдырған Нысанбай ақынның «Кенесары – Наурызбай» толғауында ер Науанға ерген көзсіз батыр жігіттер *көкжал бөріге* теңеліп суреттеледі [11].

Ақын О. Сүлейменовтың «Бөлтіріктер» өлеңі өзінің құрылымдық, идеялық және мазмұндық сипатымен ерекшеленеді. Аңшы назарына іліккен бөлтіріктер өлген анасының қан аралас сүтін еміп, мына аяуды білмейтін дүниеде тағдыры не болары білгісіз тіршілік кешуде. Бірақ олардың сол кішкентай ғана жүректеріне кек пен аяуды білмейтін, тағдырдың соққысына қайтпас қайсар мінез бірге еніп жатқандығы әсерлі беріледі. Ақын Ф. Оңғарсынованың «Сиыну» өлеңіндегі «итшілеп өмір сүргенше, көкжал болып өлгенім мың артық!» деген жолдардан да бөрілік қайраттылық, бас имеу сарыны, біреуге жалынғаннан гөрі, айқасып мерт болу мәртебе деген ой бар. Қазіргі жас ақын-жазушылар шығармаларында да ұлттық намыс пен айбындылық, бостандықтың белгісі ретінде көк бөрі бейнесі алынып, әр түрлі сипаттағы символдық мәнге ие болып отыр.

Қазақ әдебиетіндегі қасқыр, бөрі тақырыбындағы көптеген прозалық шығармалардың басында 1920 жылдары жазылған ұлы жазушы М. Әуезовтің «Көксерек» повесі тұр. Бұнда бөлтірік кезінен адамдар арасында өскен Көксеректің бәрібір еркіндік аңсап, өскен ортасынан кетуі суреттеледі. Сол секілді Т. Зекенұлының «Көк бөрілердің көз жасы» деп аталатын романының мотиві де еркіндікті аңсауға құрылған.

Ақын Серік Ақсұңқарұлының «Қасқырдың монологы» атты өлеңінде еркіндік пен бостандықты аңсау сарыны бар:

Жек көрем итті!
Алысып жүрем,
Шабысым жүрем!
Қағынып...
Сайын даланың тағысымын – мен,
Не деген ғажап – тағылық!
Шауып түсемін!
Күш ағысымды
Сыйғыза алмай ішіме.
Адамның алмас пышағы сынды
Ырзамын азу тісіме!
Қасқыр – бабалар! [12]

Азаттықты, еркіндікті аңсаудан бөлек, намысты жану, қынжылу сипатындағы өлеңдерде де бөрі бейнесі кезеседі. Мысалы, Т. Әбдікәкімовтің «Ақпан прозасы» өлеңінде:

Алаштың несін айтасың,
Ата тілі отыз тіске қамаулы,
Ата Мекені обалсыздарға тонаулы.
Шүлдірлек көкпегі үшін,
Нан табу мектебі үшін,
Оқалы шекпен үшін,
Қыңсыған көк итке айналдырды,
тәңірлік
Көк Бөрісін...
[13] деген жолдар бар.

Бұндай сарындағы өлең, туындылардың өміршеңдігінің бірнеше себебі бар деп білеміз. Олардың барлығына болмаса да, кейбір негізгілеріне тоқтала кетейік.

• Қазіргі қоғамдағы сананы тұмшалау, яғни ХХ ғасыр басында орыс отаршылдығының озбырлығы нәтижесінде жаппай ұсталған қазақ ұлтының нағыз жанашырларын, ұлт көсемдері мен зиялыларын «ұлтшылдар» және «халық жауы» деп айыптау зардабының салдары әлі жойылмай отыр. Қазақ халқын тұқырту барған сайын арта түскен шақта ұлтшыл азаматтар арғы тегіміздегі Алаш атымен бірігіп, ұлттық идеяны ту етіп бас көтергені белгілі. Осы зиялы топтың көшбасшысы Әлихан Бөкейхановтың өзін «қара қазақтың ақ киізге көтеріп хан сайлаған тектілердің тұқымы болғандықтан, бірақ тағдырдың талайымен сол жұртының үмітін ақтап, оның елдігін, тәуелсіздігін сақтап қала алмағандығын, ендігі жерде қарызын ақтау үшін көшін бастай алмаса да, қосшысы болуға дайын екендігін» [14] мақсат етуі қандай асқақ! Кеңестік билік жүйесі қазақ ұлтының мүддесін қорғайтын, сол жолда бас біріктіруге қабілетті озық ойлы тұлғалардың алдына тосқауыл қойды, көзін жойды. Бірақ ұлтының маңдайына біткен ұлы тұлғалар Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Мағжан Жұмабаев, Міржақып Дулатов, Жүсіпбек Аймауытов, Смағұл Сәдуақасов сынды арда азаматтар өз халқын құл болмауға, өнер, білімге ұмтылуға, кәсіп игеруге, қатардан қалмауға, адал қызмет істеуге үндеді. Бұл қайраткерлердің барлығында да өр намысты, рухы мықты, қан майданда қайтпас батыллықтың символы саналатын бөрілік рух жойылмады, шығармаларынан көрініс тапты.

• Қазіргі қазақ халқының іргелі ел болып дамуына кедергі болып отырған факторлар жеткілікті. Қазақ әдебиетінде Нобель сыйлығының бірде-бір лауреаты жоқ. Пулитцер сый-

лығының иегері де жоқ. Әлемдік деңгейдегі данагөй ойшылдар жоқтың қасы. Бүгінгі таңда ғаламтордағы өздері дұрыс деп тапқан бағыттар мен жан дүние қызығушылығын, талғамдары мен эстетикалық көзқарастарын, болашақ өмірінің мәні санайтын «құндылықтарын» қалыптастыратын жастар көбейіп келеді:

– Бұндай тазаланбаған ақпарат ағыны санасы әлі бекімеген, ұлттық болмысты сіңіріп үйренбеген ұрпақты жойып жіберу қаупі алдымызда тұр;

– Жастардың өмірлік ұстанымдары тұрақсыз. Кей жастарда «жеңіл табысқа» ұмтылу мен тұтынушылық психологияға жақындық дендеп еніп барады;

– Адамдардың көпшілігі өздерінің тұтынушылық мұқтаждығының құлына айналуға, қызығушылықтары – гаджеттер, брендтер, тұрмыстық техниканың ең озығына ие болу, сәнді киім, шетелдік саяхат, бос уақытты көңілді өткізу болып отырғандығы жасырын емес;

